

**ЖШС «Нұрлан-К.А» «Күншуақ» балабақшасының
№ 1 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Қыркүйек, 2025 жыл

Өтетін орны: Күншуақ балабақшасы

Қатысқандар: -6

Кеңес төрағасы: Н.Ж.Шильманова

Хатшы: М.Е.Нұржанова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Педагогикалық старт» – жылдық жоспардың презентациясы, бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді, Оқу жылын бекіту.
2. «Жаңа оқу жылында Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарт талаптарын іске асырудың ерекшеліктері».
3. «Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары».

1-мәселе:

«Педагогикалық старт» – жылдық жоспардың презентациясы, бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді, Оқу жылын бекіту.

Баяндамашы: Меңгеруші Н.Ж.Шильманова

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Ж.Шильманова 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспардың негізгі бағыттарына тоқталды:

- Балабақшаның білім беру бағдарламаларын толыққанды жүзеге асыру;
- Оқу-тәрбие процесінде жаңа әдістемелерді енгізу;
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ортаны құру;
- Әдістемелік сүйемелдеу мен педагогтарға қолдау көрсету;
- Материалдық-техникалық базаны нығайту және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жандандыру.

Ұсыныстар:

- Жоспар бекітілсін, әр айдағы іс-шаралардың орындалуына жауапты тұлғалар тағайындалсын.
- Әрбір тәрбиеші бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айлық жоспарларын әзірлесін.

2-мәселе:

«Жаңа оқу жылында Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарт талаптарын іске асырудың ерекшеліктері».

Баяндамашы: Әдіскер, Ж.А.Курманғалиева проблемалық топ жетекшілері
Ф.И.Конирбаева

Тыңдалды:

Әдіскер Ж.А.Курманғалиева талаптарын орындаудағы негізгі бағыттарды атап өтті:

- Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастыру;
- Тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмысын жаңа әдіс-тәсілдермен толықтыру;
- Ойын арқылы оқыту мен құзыреттілікке негізделген тәсілдерді пайдалану.

Ұсыныстар:

- Барлық педагогтар стандарт талаптарына сәйкес жұмыс жүргізсін;
- Проблемалық топ жетекшілері тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетсін;
- Ай сайын тәжірибе алмасу, әдістемелік кеңестер ұйымдастырылсын.

3-мәселе:

«Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары».

Баяндамашы: Педагог-психолог Р.А.Әскербекова

Тыңдалды:

Педагог-психолог педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру – заманауи талап екенін атап өтті. Маман:

- Педагогтардың үздіксіз білім жетілдіру курстарынан өтуінің маңызы;
- Шеберлік сыныптары мен семинарлар арқылы тәжірибе алмасу қажеттілігі;
- Заманауи цифрлық технологияларды меңгеру дағдыларын арттыру;
- Психологиялық қолдау көрсету ортасын қалыптастыру жолдарын ұсынды.

Ұсыныстар:

- Әр педагог жыл ішінде кәсіби даму жоспарын жасасын;
- Балабақша ішінде тәжірибелі педагогтардың шеберлік сағаттары өткізіліп тұрсын;
- Әдіскер ай сайын педагогтардың кәсіби даму деңгейін бақылап, талдау жүргізсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары бірауыздан бекітілсін.
2. Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарт талаптарын орындау барысында тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетілсін, әр айда тәжірибе алмасу шаралары ұйымдастырылсын.
3. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында курстар, семинарлар, шеберлік сағаттары тұрақты түрде өткізілсін.
4. Әр педагог өзінің кәсіби даму жоспарын жасап, жыл соңында қорытындысын тапсыратын болсын.

Төраға:

Хатшы:



Н.Ж.Шильманова

М.Е.Нуржанова